

"Радиациялық бақылау" кәсіптік стандартын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2025 жылғы 20 наурыздағы № 132-н/қ бұйрығы

"Кәсіптік біліктілік туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 5-бабының 5-тармағына сәйкес, БҰЙЫРАМЫН:

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес "Радиациялық бақылау" кәсіптік стандарты бектілсін.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Атом энергетикасы және өнеркәсібі департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрыққа қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оның көшірмесін электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалғаны туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Энергетика министри

E. Аккенженов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Сауда және интеграция министрлігі

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрі
2025 жылғы 20 наурыздағы
№ 132-н/қ бұйрығына
қосымша

"Радиациялық бақылау" кәсіптік стандарты

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Кәсіптік стандарттың қолданылу саласы:

Кәсіптік стандарт пайдаланушылар үшін: 1) қызметкерлер – саладағы мамандыққа қойылатын талаптарды түсіну, өз біліктілігін арттыруды және мансаптық ілгерілеуді жоспарлау үшін; 2) жұмыс берушілер – пайдаланылатын міндеттерді (еңбек функцияларын), қызметкерлердің біліктілігіне қойылатын талаптарды әзірлеу, персоналды жалдау және аттестаттау кезінде өлшемшарттарды қалыптастыру, сондай-ақ кадрлардың біліктілігін арттыру, дамыту, ілгерілету және ротациялау бағдарламаларын жасау үшін; 3) сертификаттау және біліктілік беру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдар (органдар) – персоналды сертификаттау кезінде бағалау материалдарын әзірлеу және сәйкестік деңгейі бойынша қызметкерлердің біліктілік өлшемшарттарын әзірлеу үшін қолданылады.

2. Осы кәсіптік стандартта мынадай терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) атом энергиясы пайдаланылатын объектілер – ионданышуры сәулелену көздері, радиоактивті қалдықтар және пайдаланылып болған ядролық отын, ядролық, радиациялық, электрофизикалық қондырғылар, сақтау және көму пункттері, көліктік қаптама комплектілері мен ядролық материалдар;

2) бақыланатын аймақ – бұл радиациялық бақылау, адамдарға жіберу және олардың тұруы жөнінде арнаулы ережелер қолданылатын аумақ;

3) дозиметриялық бақылау – бұл адамдардың сәулелену дозаларын анықтау бойынша иондаушы сәулеленудің оларға әсер ету әсерін сандық бағалау мақсатында жүргізілетін ұйымдастырушылық және техникалық шаралар кешені;

4) иондаушы сәулелену көздері – ортамен әрекеттескенде әртүрлі белгілердің иондарын құрайтын зарядталған, зарядталмаған бөлшектер мен фотондардан тұратын сәулелену;

5) радиациялық бақылау – халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес объектідегі, қоршаған ортадағы радиациялық жағдай туралы және адамдардың сәулелену деңгейлері туралы ақпарат алуы (дозиметриялық және радиометриялық бақылауды қамтиды);

6) радиациялық қауіпсіздік – Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген нормаларға сәйкес персоналға, халыққа және қоршаған ортаға радиациялық әсерді шектейтін іс-шаралар кешенімен қамтамасыз етілген атом энергиясын пайдалану объектісінің қасиеттері мен сипаттамаларының жай-күйі;

7) радиациялық мониторинг – иондаушы сәулелену көздерін пайдаланатын объектілерде де, қоршаған ортада да радиациялық жағдайдың жай-күйін жүйелі түрде байқап отыру;

8) радиоактивті заттар – құрамында радионуклидтер бар, кез келген агрегаттың жағдайдағы шығу тегі табиғи немесе техногендік кез келген материалдар;

9) радиометриялық аппаратура – радиациялық бақылау аспаптары;

10) радиометриялық бақылау – аудағы, судағы радиоактивті заттардың иондаушы сәулеленуінің қарқындылығын және техниканың, адамдардың, ауыл шаруашылығы өсімдіктері мен жануарларының, басқа орталар мен беттердің радиоактивті ластану дәрежесін анықтауға бағытталған іс-шаралар кешені;

11) формалды емес білім беру – оқыту орны, мерзімдері мен нысаны ескерілмей, білім беру қызметтерін ұсынатын үйымдар жоспарлаған, үйымдастырған және жүзеге асыратын және оқыту нәтижелерін растаушы құжат беріле отырып жүргізілетін білім беру түрі.

3. Осы кәсіптік стандартта мынадай қысқартулар қолданылады:

1) БА – біліктілік анықтамалығы;

2) БТБА – бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы;

3) КС – кәсіптік стандарт;

4) СБШ – салалық біліктілік шеңбері;

5) ТжКБ – техникалық және кәсіптік білім беру;

6) ЭҚЖЖ – экономикалық қызмет түрлерінің жалпы мемлекеттік жіктеуіші.

2-тарау. Кәсіптік стандарттың төлкүжаты

4. Кәсіптік стандарттың атауы: Радиациялық бақылау.

5. Кәсіптік стандарт коды: М72194054.

6. ЭҚЖЖ сәйкес секцияны, бөлімді, топты, сыныпты және кіші сыныпты көрсету:

М Кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет;

72. Ғылыми зерттеулер және әзірлемелер;

72.1. Жаратылыстану мен техникалық ғылымдар саласындағы ғылыми зерттеулер мен эксперименттік әзірлемелер;

72.19. Жаратылыстану мен техникалық ғылымдар саласындағы өзге де ғылыми зерттеулер мен эксперименттік әзірлемелер;

72.19.4. Атом энергиясын бейбіт мақсатта пайдалану саласындағы зерттеулер және тәжірибелік әзірлемелер.

7. Кәсіптік стандарттың қысқаша сипаттамасы:

Осы кәсіби стандарт біліктілік пен құзыреттілік деңгейіне, еңбек мазмұнына, сапасына және жағдайларына қойылатын талаптарды айқындайды, сондай-ақ радиациялық қауіпсіздікпен айналысатын үйымдарда кең ауқымды міндеттерді шешуге арналған.

Осы кәсіби стандарттың негізінде үйымдар өндірісті, еңбек пен басқаруды үйымдастыру ерекшеліктерін, олардың жауапкершілігін ескере отырып, еңбек функцияларының, білімдерінің, дағдыларының тізбесін нақтылай отырып, қызметкерлерге арналған Корпоративтік кәсіби стандарттарды ішкі қолдану үшін әзірлей алады.

Кәсіптік стандарттың қысқаша сипаттамасы: "Радиациялық бақылау" кәсіптік стандарты "Кәсіптік біліктілік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 5-тармағына және кәсіптік стандарттарды әзірлеу және (немесе) өзектендіру жөніндегі қағидаларға сәйкес әзірленді.

Осы кәсіби стандартқа туынды лауазымдар енгізілмеген: басшылардың орынбасарлары, аға, жетекші және бас мамандар, олардың міндеттері, білімдері, іскерліктері мен дағдылары базалық лауазымдар негізінде айқындалады және үйымдағы штаттық нормативтер мен кестелер негізінде белгіленеді. Аға, жетекші және бас мамандардың қажетті жұмыс өтіліне қойылатын талаптар I біліктілік санатындағы мамандар үшін көзделген талаптармен салыстырғанда 2-3 жылға артады. Технологиялық процесті жүргізу кезінде жекелеген кәсіптердің біліктілігі тәмен деңгейлеріндегі жұмыстардың сипаттамаларына сәйкес біліктілігі анағұрлым жоғары мамандардың басшылығымен жүргізіледі. Мұндай жағдайларда біліктілігі жоғары деңгейдердегі мамандар технологиялық процестерді жүргізуді немесе сол кәсіптің біліктілігі тәмен деңгейдегі мамандардың жекелеген жұмыстарды орындаудың үйымдастыра алады. Біліктіліктің неғұрлым тәмен деңгейлерінің сипаттамаларында келтірілген жұмыстар біліктіліктің неғұрлым жоғары деңгейлерінің сипаттамаларында көрсетілмеуі мүмкін. "Білім" бөлімінде қамтылған теориялық және практикалық білімге қойылатын талаптармен қатар қызметкерлер: еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі тәртіп пен нормаларды, радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды, экологиялық, өнеркәсіптік қауіпсіздік жөніндегі тәртіп пен нормаларды, қышқылға қарсы костюмдерді пайдалану тәртібін, жеке қорғану құралдарын пайдалану тәртібін, құралдарды тапсыруды және радиация деңгейін бақылаудан өтуді, жұмыс орнын ұтымды үйымдастыру және ұстаяу тәртібін, ішкі еңбек тәртібін білуге тиіс.

8. Кәсіптер карточкаларының тізбесі:

- 1) Техник-дозиметрист - 4 СБШ-нің деңгейі;
- 2) Инженер-дозиметрист - 6 СБШ-нің деңгейі;
- 3) Қызмет бастығы (функционалды өзге де қызмет салаларында) – 6 СБШ-нің деңгейі.

3-тaraу. Кәсіптер карточкалары

9. "Техник-дозиметрист" кәсібінің карточкасы			
Топтың коды:	3111-1		
Қызмет атауының коды:	3111-1-002		
Кәсіптің атауы:	Техник-дозиметрист		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	4		
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:	-		
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	"Денсаулық сақтау саласындағы мамандықтар мен мамандандырулар номенклатурасын, Денсаулық сақтау қызметкерлері лауазымдарының номенклатурасы мен біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-305/2020 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21856 болып тіркелді). 5-параграф. Санитариялық-эпидемиологиялық қызмет саласындағы техник-дозиметрист.		
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: ТжКБ (орта деңгейдегі маман)	Мамандық: Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика немесе инженер-техникалық.	Біліктілік:
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:	Жұмыс өтіліне талаптар қойылмайды.		
Формалды емес және информалы біліммен байланыс:	Жұмыс орнында нұскама/тагылымдама; білім беру үйімі базасында біліктілікті арттыру курсары немесе үйімда (кәсіпорында) оқыту; "skills.enbek.kz" платформада кадрларды даярлау мен қайта даярлаудың қыска мерзімді курсары.		
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:	2133-9-009 - Қоршаған ортаны қорғау және радиациялық қауіпсіздік жөніндегі маман		
Қызметтің негізгі мақсаты:	Тиісті дозиметриялық және радиометриялық аспаптардың көмегімен иондауыш сәулеленудің дозалары мен қуатын өлшеу процесін жүзеге асыру.		
Еңбек функциялардың сипаттамасы	Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Кәсіпорындағы дозиметриялық, радиометриялық бақылау; 2. Жұмыс орындарында радиациялық қауіпсіздік бойынша бұзушылықтарды анықтау; 3. Ұйымдағы ғылыми-зерттеу және эксперименттік жұмыстарды жүргізуі қамтамасыз ету.
		Қосымша еңбек функциялары:	-
			Машықтар: 1. Жоғары радиациялық қауіпті жұмыстарды жүргізу кезінде радиациялық жағдайды жедел бақылауды қамтамасыз ету; 2. Радиациялық жағдайды тасымалданатын және стационарлық аспаптармен өлшеу жүргізу;

	<p>3. Жабдықты сынактар жүргізуге дайындауды жүзеге асыру, жабдықты (аспаптарды, аппаратураны) баптау, реттеу және тексеру, оның жарамды жай-күйін бақылауды жүргізу;</p> <p>4. Дозиметриялық және радиометриялық аспаптарды бақылау көздерінің көмегімен калибрлеуді жүргізу, егер бұл аспаптарға арналған пайдалану құжаттамасын талап етсе;</p> <p>5. Жүргізілетін жондеу, техникалық қызмет көрсету және тексеру туралы жазбаларды қоса алғанда, дозиметриялық және радиометриялық бақылау аппаратурасы, спектрометрлер, адамның сәулелену есептегіштері және радиациялық бақылау жүйелері паркінің техникалық жай-күйі туралы құжаттаманы жүргізу;</p> <p>6. Радиациялық жағдайды есепке алу, талдау және дозиметриялық бақылау аспаптарының жұмысы жоніндегі құжаттаманы жүргізу;</p> <p>7. Дозиметриялық бақылау аспаптары мен жабдықтарының дұрыс техникалық пайдаланылуын және жұмысын бақылауды қамтамасыз ету;</p> <p>8. Дозиметриялық бақылау аспаптары мен жабдықтарына қызмет көрсету және олардың жұмысқа қабілеттілігін тексеру;</p> <p>9. Өндірістік аумақтан тыс әкетілетін материалдарға, жабдықтарға, заттарға, қалдықтардың барлық түрлеріне радиациялық бақылау жүргізу;</p> <p>10. Дозиметриялық бақылау бойынша есептерді жасау.</p>
<p>Еңбек функциясы 1: Кәсіпорындағы дозиметриялық, радиометриялық бақылау</p> <p>.</p>	<p>Дағды 1:</p> <p>Радиациялық жағдайды, қоршаған орта объектілерін, халық пен персоналдың сәулеленуін радиациялық бақылау көлемінде радиометриялық және дозиметриялық өлшеулерді қамтамасыз етеді.</p> <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> "Халықтың радиациялық қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасының Заны; "Атом энергиясын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Заны; "Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы" Қазақстан Республикасының Заны; "Мемлекеттік реттеуге жатқызылатын өлшем тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2019 жылғы 3 сәуірдегі № ҚР ДСМ-18 және Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің міндетін атқарушының 2019 жылғы 4 сәуірдегі № 195 бірлескен бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18505 болып тіркелген); Дозиметрия мен радиациялық қауіпсіздіктің физикалық негіздері, оның ішінде: радиоактивтілік құбылысы; иондауыш сәулеленудің затпен өзара әрекеттесуі; радиациялық-физикалық шамалар; иондауыш сәулеленудің дозиметриясы; иондауыш сәулелену көздерінің жіктелуі, физикалық-техникалық сипаттамалары; сыртқы сәулелену дозиметриясы (ұжымдық және жеке);

	<p>инкорпорацияланған радиоактивті заттардың дозиметриясы мен сәулеленуі (экспресс әдістері); радиациялық қорғау негіздері иондаушы сәулеленуден; бөлімшені аспаптық жарактандыру және жөндеу қызметін көрсетуді ұйымдастыру; радионуклидтердің белсенділігін өлшеу;</p> <p>6. Курделі дозиметриялық және радиометриялық аспаптардың құрылышы және олардың сезімталдығын бақылау әдістері;</p> <p>7. Ишкі еңбек тәртібі, өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау стандарттары, қоршаған ортаны қорғау, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі талаптары.</p>
Дағдыны тану мүмкіндігі :	Радиациялық (дозиметриялық, радиометриялық) бақылау саласындағы біліктілікті арттыру туралы сертификаттар, куәліктер.
Еңбек функциясы 2: Жұмыс орындарында радиациялық қауіпсіздік бойынша бұзушылықтарды анықтау.	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Радиациялық сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде оку-жаттығуларға және авариялық жұмыстарға қатысу; 2. Ұйымның радиациялық қауіпсіздік қызметінің жеке жұмыс жоспарының жоспар-кестесін орындау; 3. Дәрігерге дейінгі алғашқы медициналық көмек көрсете білу; 4. Жұмыс орындарында радиациялық қауіпсіздік бойынша бұзушылықтарды анықтау; 5. Жаңа өлшеу әдістемелерін, радиациялық қауіпсіздік жөніндегі нұсқаулықтарды әзірлеуге қатысу. <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. "Халықтың радиациялық қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы; 2. "Атом энергиясын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Заңы; 3. Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2017 жылғы 20 ақпандагы № 58 бұйрығымен бекітілген "Ядролық және радиациялық қауіпсіздік" техникалық регламенті (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15005 болып тіркелген); 4. Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2017 жылғы 20 ақпандагы № 59 бұйрығымен бекітілген "Ядролық зерттеу кондырығыларының ядролық және радиациялық қауіпсіздігі" техникалық регламенті (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15006 болып тіркелген); 5. Радиациялық бақылау бойынша бастапқы ақпаратты өндеу номенклатуrasesы мен ережелері.
Дағдыны тану мүмкіндігі :	Радиациялық (дозиметриялық, радиометриялық) бақылау саласындағы біліктілікті арттыру туралы сертификаттар, куәліктер.

Еңбек функциясы 3: Үйимдағы ғылыми-зерттеу және эксперименттік жұмыстарды жүргізу ді қамтамасыз ету.	<p>Дағды 1: Зерттеу жұмыстарына арналған жабдықтарды тандау</p> <p>Машыктар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Үйымның тақырыптық жоспарының тапсырмаларына сәйкес қондырғыны және оның жүйелерін пайдалана отырып, ғылыми-зерттеу және эксперименттік жұмыстарды жүргізу ді қамтамасыз ету. 2. Радиациялық қауіпсіздік талаптарын сақтай отырып, ғылыми-зерттеу жұмыстарын техникалық даярлауды және жүргізу ді қамтамасыз ету; 3. Эксперименттік зерттеулердің нәтижелері бойынша ғылыми-техникалық есептерге қатысу. <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. "Ғылым және технологиялық саясат туралы" Қазақстан Республикасының Заңы; 2. Есептік ғылыми-техникалық құжаттаманы өзірлеу тәртібі. <p>Дағдыны тану мүмкіндігі :</p> <p>Радиациялық (дозиметриялық, радиометриялық) бақылау саласындағы біліктілікті арттыру туралы сертификаттар, куәліктер.</p>				
Жеке құзыреттерге койылатын талаптар:	<p>Бейімділік Ұқыптылық Дербестік және жауапкершілік Командада жұмыс істей білу Дәлдік Ауызекі сөйлеу дағдылары Парасаттылық</p>				
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:	<p>"Ядролық және радиациялық қауіпсіздік" техникалық регламентін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2017 жылғы 20 актандары № 58 бүйрүғы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15005 болып тіркелген);</p> <p>"Ядролық зерттеу қондырғыларының ядролық және радиациялық қауіпсіздігі" техникалық регламентін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2017 жылғы 20 актандары № 59 бүйрүғы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15006 болып тіркелген).</p>				
СБШ-нің ішіндегі басқа кесіптермен байланыс:	<table border="1"> <tr> <td data-bbox="421 1368 731 1431">СБШ-нің деңгейі:</td><td data-bbox="731 1368 1336 1431">Кәсіптің атауы:</td></tr> <tr> <td data-bbox="421 1431 731 1453">6</td><td data-bbox="731 1431 1336 1453">"Инженер-дозиметрист"</td></tr> </table>	СБШ-нің деңгейі:	Кәсіптің атауы:	6	"Инженер-дозиметрист"
СБШ-нің деңгейі:	Кәсіптің атауы:				
6	"Инженер-дозиметрист"				
10. "Инженер-дозиметрист" кәсібінің карточкасы:					
Топтың коды:	2143-1				
Қызмет атауының коды:	2143-1-012				
Кәсіптің атауы:	Инженер-дозиметрист				
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	6				
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:					
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары	"Денсаулық сақтау саласындағы мамандықтар мен мамандандырулар номенклатурасын, денсаулық сақтау қызметкерлері лауазымдарының номенклатуrasesы мен біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы" Қазақстан				

бойынша біліктілік деңгейі:	Республикасы Денсаулық сактау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-305/2020 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21856 болып тіркелген). 7-параграф. Санитариялық-эпидемиологиялық қызмет саласындағы инженер-дозиметрист.		
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: жоғары білім (бакалавриат, маман дәрежесі, ординатура)	Мамандық: Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика немесе инженерлік-техникалық білім	Біліктілік: -
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:	Санаты жоқ инженер: жұмыс өтіліне немесе I санатты техник лауазымындағы жұмыс өтіліне талаптар койылмай кемінде 3 жыл; II санатты инженер: санаты жоқ инженер лауазымындағы жұмыс өтілі кемінде 3 жыл; I санатты инженер: II санатты инженер лауазымындағы жұмыс өтілі кемінде 2 жыл.		
Формалды емес және информалды біліммен байланыс:	Білім беру үйімі базасында біліктілікті арттыру курсары немесе үйімда (кәсіпорында) оқыту; "skills.enbek.kz" платформада кадрларды даярлау мен кайта даярлаудың қыска мерзімді курсары.		
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:	2133-9-009 - Қоршаған органы қорғау және радиациялық қауіпсіздік жөніндегі маман.		
Қызыметтің негізгі мақсаты:	Иондауши сәулелену көздерін пайдаланатын кәсіпорындарды, мекемелерді, зертханаларды салу немесе реконструкциялау үшін аландарды таңдау және бөлу кезінде дозиметриялық талдау жүргізеді.		
Еңбек функцияларынң сипаттамасы			
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Кәсіпорындағы дозиметриялық, радиометриялық бақылау; 2. Технологиялық участкерде радиациялық-қауіпті жұмыстардың жүргізілуін, үй-жайлардағы ауа ортасының жай-күйін бақылау.	
	Қосымша еңбек функциялары:	-	
		Машықтар: 1. Нейтрондық сәулеленудің трек дозиметрлерінің, гамма-сәулеленудің дозиметрлерінің көмегімен сәулелену дозаларын өлшеу және оларды градуирлеуді жүргізу; 2. Үй-жайларда технологиялық жабдықтарды ашу жұмыстары кезінде дозиметриялық бақылау жүргізу; 3. Авариялық жағдайларды жою жөніндегі жұмыстарына қатыса алу; 4. Уақытпен шектеле отырып, апталық рұқсат етілген сәулелену нормасынан аса отырып, жұмыстарды жүргізу кезінде дозиметриялық бақылауды жүргізу; 5. Радиациялық қалдықтар түсірілгеннен кейін үй-жайларда, автокөліктерде, контейнерлерде радиациялық бақылауды жүргізу; 6. Жұмыс бөлмелері ауасының радиоактивті газдармен ластануын және ағып кету орындарын іздеуді бақылау;	

	<p>7. Аса қауіпті участекерде авариялық дабыл жүйесінің жұмысын тексеру;</p> <p>8. Штаттық немесе авариялық жағдайларда қызметкерлердің ағзасына радиоактивті заттардың түсін анықтау;</p> <p>9. Дозиметриялық бақылауды жүргізудің жаңа әдістерін менгеру;</p> <p>10. Дозиметриялық бақылау қондырғыларында өлшеу жүргізу;</p> <p>11. Табиғи радиоактивтілікке және жаһандық ядролық түсулерге байланысты сыртқы орта объектілерінің радиоактивтілігін зерделеу, зерттеулер жүргізуде әдістемелік және практикалық көмек көрсету, иондаушы сәулеленудің әртүрлі көздерінен халыққа әсер ету деңгейін бағалау қабілеті;</p> <p>12. Цифрлық ақпараттық технологияларды қолдану.</p> <p>Білімдер:</p> <p>1. "Халықтың радиациялық қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасының Заны;</p> <p>2. "Атом энергиясын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Заны;</p> <p>3. "Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы" Қазақстан Республикасының Заны;</p> <p>4. "Мемлекеттік реттеуге жатқызылатын өлшем тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2019 жылғы 3 сәуірдегі № ҚР ДСМ-18 және Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің міндетін атқарушының 2019 жылғы 4 сәуірдегі № 195 бірлескен бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18505 болып тіркелген);</p> <p>5. Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2017 жылғы 20 ақпандагы № 58 бұйрығымен бекітілген "Ядролық және радиациялық қауіпсіздік" техникалық регламенті (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15005 болып тіркелген);</p> <p>6. Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2017 жылғы 20 ақпандагы № 59 бұйрығымен бекітілген "Ядролық зерттеу қондырғыларының ядролық және радиациялық қауіпсіздігі" техникалық регламенті (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15006 болып тіркелген);</p> <p>7. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 15 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-275/2020 бұйрығымен бекітілген "Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық</p>
<p>Еңбек функциясы 1: Кәсіпорындағы дозиметриялық, радиометриялық бақылау</p> <p>.</p>	<p>Дағды 1: Кәсіпорындағы радиациялық жағдайды бақылауды қамтамасыз ету.</p>

	<p>"талаптар" санитариялық қағидалар (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21822 болып тіркелген);</p> <p>8. Қазақстан Республикасы Денсаулық сактау министрінің 2020 жылғы 25 тамыздағы № ҚР ДСМ-90 бүйрығымен бекітілген "Радиациялық қауіпті объектілерге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидалары (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29292 болып тіркелген);</p> <p>9. Ишкі еңбек тәртібі, өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау стандарттары, қоршаған ортаны қорғау, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі талаптары.</p>
Дағдыны тану мүмкіндігі :	<p>Радиациялық (дозиметриялық, радиометриялық) бақылау саласындағы біліктілікті арттыру туралы сертификаттар, куәліктер.</p>
Дағды 1: Тиісті аспаптардың көмегімен иондаушы сәулеленудің дозасы мен қуатын анықтау.	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Тиісті дозиметриялық және радиометриялық аспаптардың көмегімен иондаушы сәулеленудің дозасы мен қуатын анықтау; 2. А тобы персоналының дозиметриялық бақылау; 3. Радиациялық қауіпсіздікті бақылау жүйесіндегі радиациялық жағдайды талдау; 4. Апталық рүқсат етілген сәулелену нормасына дейін жоспарланған әсері бар арнайы рүқсаттар бойынша жұмыстарды бақылау және ұйымдастыру; 5. Тұтынушыларга жөнелтілетін дайын өнімге көлік индексі мен көлік санатын айқындау; 6. Жұмыс орындарын иондаушы сәулеленуден қорғаудың сақталуын бақылау; 7. Биологиялық корғаудың тиімділігін зерттеу және өлшеу бойынша жұмыстар жүргізу; 8. Негізгі өндірістік ғимараттарда жұмыстарды бастау және жабдықтарды жөндеуге тапсыру алдында картограммалар жасау; 9. Дозиметриялық және радиометриялық өлшеу нәтижелерін статистикалық өндеу; 10. Дозиметриялық бақылау және радиометриялық өлшеулер нәтижелері бойынша жиынтық құжаттама жасау; 11. Дозиметриялық бақылау бойынша есептер жасау . <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. "Халықтың радиациялық қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасының Заны; 2. "Атом энергиясын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Заны; 3. Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2017 жылғы 20 ақпандағы № 58 бүйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу

<p>Еңбек функциясы 2: Технологиялық участкелерде радиациялық-қауіпті жұмыстардың жүргізуін, үй-жайлардағы ауа ортасының жай-қүйін бақылау.</p>	<p>тізілімінде № 15005 болып тіркелген) бекітілген "Ядролық және радиациялық қауіпсіздік" техникалық регламенті;</p> <p>4. Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2017 жылғы 20 ақпандагы № 59 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15006 болып тіркелген) бекітілген "Ядролық зерттеу қондырыларының ядролық және радиациялық қауіпсіздігі" техникалық регламенті;</p> <p>5. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 15 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-275/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21822 болып тіркелген) бекітілген "Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидалары;</p> <p>6. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 25 тамыздағы № ҚР ДСМ-90 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29292 болып тіркелген) бекітілген "Радиациялық қауіпті объектілерге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидалары.</p>
<p>Дағдыны тану мүмкіндігі :</p>	<p>Радиациялық (дозиметриялық, радиометриялық) бақылау саласындағы біліктілікті арттыру туралы сертификаттар, куәліктер, куәліктер.</p>
<p>Дағды 2:</p> <p>Радиациялық қауіпсіздік бойынша нәтижелерді өндеу.</p>	<p>Машыктар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Дозиметриялық және радиометриялық өлшеу және жеке дозиметриялық бақылау нәтижелерін баставапқы өндей білу. 2. Бағдарламалық жасақтаманы қолдана отырып, есептеу техникасында өлшеу нәтижелерін және жеке дозиметриялық бақылауды өңдеу. 3. Дозиметриялық және радиометриялық өлшеулер нәтижелері бойынша статистикалық деректерді жасау. <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Ішкі және сыртқы сәулелену кезінде адам ағзасындағы сәулелену дозаларын есептеу әдістемесі; 2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 15 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-275/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21822 болып тіркелген) бекітілген "Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидалары; 3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 25 тамыздағы № ҚР ДСМ-90 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді

		мемлекеттік тіркеу тізлімінде № 29292 болып тіркелген) бекітілген "Радиациялық қауіпті объектілерге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидалары; 4. Атом энергиясын пайдалану объектілерінің ішкі регламентіне сәйкес Сәулелену дозасын анықтау үшін сынамаларды іріктеу және сынамаларды дайындау ерекшеліктерінің ережесі.
	Дағдыны тану мүмкіндігі :	Радиациялық (дозиметриялық, радиометриялық) бақылау саласындағы біліктілікті арттыру туралы сертификаттар, куәліктер, куәліктер.
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	Бейімділік Ұқыптылық Дербестік және жауапкершілік Күйзеліске тұрақтылық Тез шешім қабылдай білу Өзгерістерді басқару Тәртіптілік Тәлімгерлік (тәлімгерлік, коучинг)	
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:	"Ядролық және радиациялық қауіпсіздік" техникалық регламентін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2017 жылғы 20 ақпандағы № 58 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізлімінде № 15005 болып тіркелген); "Ядролық зерттеу кондырғыларының ядролық және радиациялық қауіпсіздігі" техникалық регламентін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2017 жылғы 20 ақпандағы № 59 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізлімінде № 15006 болып тіркелді).	
СБШ-нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ-нің деңгейі: 6	Кәсіптің атауы: Радиациялық қауіпсіздік бөлімінің бастығы.

11. "Қызмет бастығы" (функционалды өзге де қызмет салаларында) кәсібінің карточкасы

Топтың коды:	1329-1		
Қызмет атауының коды:	1329-1-040		
Кәсіптің атауы:	Қызмет бастығы (функционалды өзге де қызмет салаларында)		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	6		
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:	-		
БТБА, БА, ұлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	"Басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № 553 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізлімінде № 22003 болып тіркелген). Бөлім бастығы		
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: жоғары білім (бакалавриат, маман дәрежесі, ординатура)	Мамандық: Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика	Біліктілік: -

Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:	Кадрларды даярлаудың тиісті бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары окуорнынан кейінгі) білім және радиациялық қауіпсіздік бойынша жұмыс өтілі кемінде 5 жыл.				
Формалды емес және информалы біліммен байланыс:	Жұмыс орнында нұсқама/тағылымдама; білім беру ұйымы базасында біліктілікті арттыру курсары немесе ұйымда (кәсіпорында) оқыту; "skills.enbek.kz" платформада кадрларды даярлау мен қайта даярлаудың қысқа мерзімді курсары.				
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:	1325-4-018 - Қызмет бастығы				
Қызметтің негізгі максаты:	Ядролық материалдармен, иондаушы сәулелену көздерімен жұмыстар жүргізу кезінде, сондай-ақ атом энергиясын пайдалану обьектілерінде зерттеулер (эксперименттер, сынақтар) жүргізу кезінде ядролық және радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету.				
Еңбек функциялардың сипаттамасы					
Еңбек функцияларының тізбесі:	<table border="1"> <tr> <td>Міндепті еңбек функциялары:</td><td> <p>1. Кәсіпорындағы дозиметриялық, радиометриялық бақылау;</p> <p>2. Радиациялық қауіпсіздік бойынша персоналды оқытуды және білімін тексеруді ұйымдастыру және жүргізу;</p> <p>3. Ұйымның тақырыптық жоспарының тапсырмаларына сәйкес қондырғыны және оның жүйелерін пайдалана отырып, ғылыми-зерттеу және эксперименттік жұмыстарды жүргізуі қамтамасыз ету.</p> </td></tr> <tr> <td>Қосымша еңбек функциялары:</td><td></td></tr> </table>	Міндепті еңбек функциялары:	<p>1. Кәсіпорындағы дозиметриялық, радиометриялық бақылау;</p> <p>2. Радиациялық қауіпсіздік бойынша персоналды оқытуды және білімін тексеруді ұйымдастыру және жүргізу;</p> <p>3. Ұйымның тақырыптық жоспарының тапсырмаларына сәйкес қондырғыны және оның жүйелерін пайдалана отырып, ғылыми-зерттеу және эксперименттік жұмыстарды жүргізуі қамтамасыз ету.</p>	Қосымша еңбек функциялары:	
Міндепті еңбек функциялары:	<p>1. Кәсіпорындағы дозиметриялық, радиометриялық бақылау;</p> <p>2. Радиациялық қауіпсіздік бойынша персоналды оқытуды және білімін тексеруді ұйымдастыру және жүргізу;</p> <p>3. Ұйымның тақырыптық жоспарының тапсырмаларына сәйкес қондырғыны және оның жүйелерін пайдалана отырып, ғылыми-зерттеу және эксперименттік жұмыстарды жүргізуі қамтамасыз ету.</p>				
Қосымша еңбек функциялары:					
	<p>Машықтар:</p> <p>1. Технологиялық процестердің радиациялық қауіпсіздігін қамтамасыз етуді, ядролық отынның шамадан тыс жүктелуіне байланысты жұмыстарды радиациялық сүйемелдеуді, қондырғыны жоспарлы-алдын алу жөндеуді және реконструкциялауды жүзеге асыруды қамтамасыз ету;</p> <p>2. Кәсіпорынның құрылымдық бөлімшелерінің Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің және радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі ішкі құжаттаманың талаптарын орындауды бақылау қабілеттігі;</p> <p>3. Ұйым персоналына радиациялық әсерді төмендету бойынша алдын алу іс-шараларын өзірлеу, ұйымдастыру және жүргізу;</p> <p>4. Жұмыс орындарындағы радиациялық қауіпсіздіктің жай-күйін бақылау;</p> <p>5. Радиациялық жағдайдың болжамын және ықтимал радиациялық авариялар кезінде персоналға жеке дозалық жүктемелерді бағалау;</p> <p>6. Радиациялық қауіпшілігі жоғары жұмыстарды, авариялар мен оның зардаптарын жою жөніндегі</p>				

<p>Дағды 1: Кәсіпорындағы радиациялық жағдайды бақылауды қамтамасыз ету.</p> <p>Еңбек функциясы 1: Кәсіпорындағы дозиметриялық, радиометриялық бақылау</p> <p>.</p>	<p>жұмыстарды жүргізу кезінде персоналдың жеке сәулелену дозаларын есепке алу мен бақылауды жүргізу;</p> <p>7. Цифрлық ақпараттық технологияларды қолдану.</p> <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. "Атом энергиясын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Заны; 2. "Халықтың радиациялық қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы; 3. Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі; 4. "Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы" Қазақстан Республикасының Заңы; 5. "Мемлекеттік реттеуге жатқызылатын өлшем тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2019 жылғы 3 сәуірдегі № ҚР ДСМ-18 және Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің міндетін атқарушының 2019 жылғы 4 сәуірдегі № 195 бірлескен бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18505 болып тіркелген); 6. Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2017 жылғы 20 ақпандағы № 58 бұйрығымен бекітілген "Ядролық және радиациялық қауіпсіздік" техникалық регламенті (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15005 болып тіркелген); 7. Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2017 жылғы 20 ақпандағы № 59 бұйрығымен бекітілген "Ядролық зерттеу кондырылышының ядролық және радиациялық қауіпсіздігі" техникалық регламенті (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15006 болып тіркелді); 8. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 15 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-275/2020 бұйрығымен бекітілген "Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидалары (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21822 болып тіркелген); 9. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 25 тамыздағы № ҚР ДСМ-90 бұйрығымен "Радиациялық қауіпті объектілерге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидалары (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29292 болып тіркелген); 10. Өндірісті, еңбекті және басқаруды ұйымдастыру, іс жүргізуді ұйымдастыру тәртібі;
---	---

	<p>11. Эр түрлі беттердің бөлшектермен ластануын өлшеу әдістемесі;</p> <p>12. Гамма-сәулеленудің эквивалентті дозасының қуатын, дозиметрлермен және дозиметрлер-радиометрлермен өлшеу әдістемесі;</p> <p>13. Ишкі еңбек тәртібі, өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау нормалары, қоршаган ортаны қорғау, өндірістік санитария, ерт қауіпсіздігі талаптары.</p>
Дағдыны тану мүмкіндігі :	<p>Атом энергиясын пайдалану объектілерінде жұмыс істейтін персоналды аттесттаттау туралы күзілк (3 жылда 1 рет) "Атом энергиясын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 21-бабы, атом энергиясы пайдаланатын объектілерде жұмыс істейтін персоналды аттесттаттау қағидалары.</p>
Дағды 2: Дозиметриялық және радиометриялық өлшеулер жүргізу.	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> Жоғары қауіптілікпен байланысты жұмыстарды үйымдастыру және осы жұмыстарға наряд-рұқсаттарды бекіту; Әртүрлі аппаратураның көмегімен сәулеленудің жекелеген түрлері бойынша дозиметриялық және радиометриялық өлшеулерді жасай білу; Радиациялық жағдайды, оның ішінде дозаның қуатын және иондауши сәулелену ағындарының тығыздығы, беттердің, жабдықтардың радиоактивті ластану деңгейлері бойынша бақылау; Кәсіпорындағы және оған іргелес аумақтардағы ағымдағы санитариялық және радиациялық жағдай, сондай-ак персоналдың сәулелену деңгейі туралы мәліметтерді дәл алу бойынша жұмыстарды үйымдастыру; Дозиметриялық және радиометриялық өлшеулер жүргізу жөніндегі жұмыстарды бақылау <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге арналған гигиеналық нормативтер; Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 15 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-275/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21822 болып тіркелген) бекітілген "Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидалары; Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 25 тамыздағы № ҚР ДСМ-90 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29292 болып тіркелген) бекітілген "Радиациялық қауіпті объектілерге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидалары.

	<p>Дағдыны тану мүмкіндігі :</p> <p>Атом энергиясын пайдалану объектілерінде жұмыс істейтін персоналды аттестаттау туралы күәлік (3 жылда 1 рет) "Атом энергиясын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 21-бабы, атом энергиясы пайдаланатын объектілерде жұмыс істейтін персоналды аттестаттау қагидалары.</p>
Еңбек функциясы 2: Радиациялық қауіпсіздік бойынша персоналды оқытуды және білімін тексеруді ұйымдастыру және жүргізу.	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Радиациялық қауіпсіздік бойынша персоналды оқытуды және білімін тексеруді ұйымдастыру және жүргізу; 2. Аварияға қары және өртке қары жаттығулар өткізуге басшылық жасау; 3. Ұйымда радиациялық қауіпсіздік бойынша Нормативтік құжаттарды әзірлеу; 4. Графиктерді, диаграммаларды, карталарды, кестелерді бақылау және бекіту және радиометриялық аппаратураны мерзімді тексеру; 5. Ұйымдағы биологиялық қорғаныстың тімділігін өлшеу нәтижелерін бақылау және бағалау; 6. Дозиметриялық және радиометриялық өлшеулердің статистикалық деректерін жасау және бекіту; 7. Дозиметриялық бақылау және радиометриялық өлшеулер нәтижелері бойынша жиынтық құжаттаманың жасалуын бақылау; 8. Дозиметриялық бақылау бойынша есептер жасауды бақылау. <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Иондауыш сәулеленудің қасиеттері және оларды тіркеу әдістері; 2. Күрделі дозиметриялық және радиометриялық аспаптардың құрылышы және олардың сезімталдығын бақылау әдістері; 3. Дозиметриялық және радиометриялық өлшеу әдістері; 4. Әр түрлі беттердің Альфа және Бета белсенді заттармен ластануын өлшеу әдісі; 5. Дозиметрлер және дозиметрлер-радиометрлердің көмегімен гамма-сәулеленудің эквивалентті дозасының қуатын өлшеу әдісі; 6. Кез келген күрделіліктең аса күрделі дозиметриялық және радиометриялық аспаптардың құрылғысы, оларды градуирлеу, этalonдау, олардың сезімталдығын бақылау әдістемесі.
Дағдыны тану мүмкіндігі :	<p>Атом энергиясын пайдалану объектілерінде жұмыс істейтін персоналды аттестаттау туралы күәлік (3 жылда 1 рет) "Атом энергиясын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 21-бабы, атом энергиясы пайдаланатын объектілерде жұмыс істейтін персоналды аттестаттау қагидалары.</p>
	<p>Машықтар:</p>

Еңбек функциясы 3: Ұйымның тақырыптық жоспарының тапсырмаларына сәйкес қондырғыны және оның жүйелерін пайдалана отырып, ғылыми-зерттеу және эксперименттік жұмыстарды жүргізуі қамтамасыз ету.	Дағды 1: Алынған тәжірибелік деректерді талдау	<ol style="list-style-type: none"> Ұйымның тақырыптық жоспарының тапсырмаларына сәйкес қондырғыны және оның жүйелерін пайдалана отырып, ғылыми-зерттеу және эксперименттік жұмыстарды жүргізуі қамтамасыз ету; Радиациялық қауіпсіздік талаптарын сақтай отырып, техникалық даярлықты қамтамасыз ету және ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу, еңбек, материалдық, қаржылық және басқа ресурстарды ұтымды пайдалану; Эксперименттік зерттеулердің нәтижелері бойынша ғылыми-техникалық есептерді өзірлеу; Патенттік-өнертапқыштық қызмет мәселелері бойынша жұмысты үйлестіру.
	Дағдыны тану мүмкіндігі :	Білімдер: <ol style="list-style-type: none"> "Ғылым және технологиялық саясат туралы" Қазақстан Республикасының Заны; "Атом энергиясын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Заны; "Халықтың радиациялық қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасының Заны; Есептік ғылыми-техникалық құжаттаманы өзірлеу тәртібі.
		Атом энергиясын пайдалану объектілерінде жұмыс істейтін персоналды аттестаттау туралы қуәлік (3 жылда 1 рет) "Атом энергиясын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 21-бабы, атом энергиясы пайдаланатын объектілерде жұмыс істейтін персоналды аттестаттау қағидалары.
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	Дербестік және жауапкершілік Інтымақтастық және өзара іс-қимыл Стратегиялық ойлау Тез шешім қабылдай білу Өзгерістерді басқару Тәртіптілік Жазбаша қарым-қатынас жасау дағдылары Тәлімгерлік (тәлімгерлік, коучинг)	
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:		<p>"Ядролық және радиациялық қауіпсіздік" техникалық регламенттің бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2017 жылғы 20 акпаңдағы № 58 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15005 болып тіркелген);</p> <p>"Ядролық зерттеу қондырғыларының ядролық және радиациялық қауіпсіздігі" техникалық регламенттің бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2017 жылғы 20 акпаңдағы № 59 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15006 болып тіркелген).</p>
СБШ-нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ-нің деңгейі:	Кәсіптің атауы:
	6	2133-1-003 Инженер-эколог

4-тарау. Кәсіптік стандарттың техникалық деректері

12. Мемлекеттік органның атауы: Қазақстан Республикасының

13. Энергетика министрлігі. Орындаушы: Нұрым Қазыбек Айдарұлы,
14. +7 (7172) 78 97 64, k.nurum@energo.gov.kz.
15. Әзірлеуге қатысқан ұйымдар (кәсіпорындар): ҚР ЭМ "Ядролық физика институты" ШЖҚ РМК. Жобаның жетекшісі: Төлегенов Мұрат Шәкенұлы, +7 (777) 246 45 08, m.tulegenov@inp.kz. Орындаушы: Мухортов Михаил Сергеевич, +7 (707) 177 93 19, m.mukhortov@inp.kz.
16. Кәсіптік біліктілік жөніндегі салалық кеңес: 2024 жылғы 6 қарашадағы атом саласының кәсіптік біліктілік жөніндегі салалық кеңесі отырысының № 17 хаттамасы.
17. Кәсіптік біліктілік жөніндегі ұлттық орган: 2024 жылғы 19 қарашадағы кәсіптік стандарт жобасын сараптау қорытындысы бойынша кәсіптік біліктілік жөніндегі Ұлттық органның қорытындысы.
18. "Атамекен" Қазақстан Республикасының Ұлттық Кәсіпкерлер Палатасы: 2025 жылғы 3 ақпандағы № 01120/35 сараптамалық қорытынды.
19. Нұсқа нөмірі және шығарылған жылы: 2-нұсқа, 2025 жыл.
20. Болжамды қайта қарау күні: 2028 жыл.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК